



Н.И. Маханов *, А.С. Адильбаева , К.Б. Болатова 

Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан
(E-mail: nur_zhan-02n@mail.ru; aigulmalika@mail.ru; kalamkas_17_81@mail.ru)

Музей мен қоғамның өзара байланысы: тарихи аспект

Жаһандану кезеңінде ұлттық игілік және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың кепілі ретінде қоғамның мәдени мұраға деген көзқарасы өзгеріске ұшырағаны белгілі. Музейлер ұлттық игілікті және әлеуметтік жақты сақтаушы болып саналады. Мақалада музей мен қоғам арасындағы байланыстың іргетасы ретінде музейдің функциясы және өзара баланыстың тиімділігін жоғарылату мақсатында қазіргі заманғы музейлер мен қоғамның арасындағы жүзеге асырылатын байланыстардың нақты қадамдары мен негізгі жолдары қарастырылған. Авторлар музей мен қоғамның өзара байланысын тарихи аспектіде зерделеген. Музей генезисі үдерісіндегі қоғамдық қажеттіліктің рөлі сипатталып, музейдің мәдени-тарихи құбылыс және қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріндегі ерекше жүйе ретінде пайда болуының хронологиялық шеңбері анықталған.

Кілт сөздер: тарих, музей, мәдени мұра, қоғам, ұлттық игілік, музейдің функциясы, мәдени-тарихи құбылыс, мәдениет.

Kipicne

Өзімізге белгілі, социалистік жүйе мен идеологияның күйреуі, құндылықтарды қайта бағалау қажеттілігінің туындауымен байланысты адамдардың көзқарастары мен дүниені қабылдауының трансформациялану үдерісі қоғамның мәдени мұраға деген көзқарасына айтарлықтай ықпал етті. Мұндай өзгерістер музейге де қатысты болды. Мысалы, Қазақстандағы жаңа мәдени үлгінің қалыптасуы музей мен қоғамның бұрынғы қалыптасқан өзара байланысының бұзылуына алып келді. Осы себептен, тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғам кеңістігінің әлеуметтік-мәдени жағдайымен және әлеуметтік жүйедегі музей рөлінің өзгеруімен, сонымен қатар музей мен қоғамның өзара байланысының сипатына ықпал ететін әлеуметтік-рухани саладағы және әлемнің мәдени бейнесіндегі өзгерістермен тікелей байланысты. Атап айтқанда, қазіргі қоғамда музей мәдени форма ретінде қарқынды түрде трансформацияланып жатыр. Музейлердің жаңа түрлерінің және типтерінің пайда болуы, цифрлы технологияның дамуы музей қызметінің әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік аспектілерін өзгертуде.

Музей адамзат өркениетінің ең керемет жетістігі болып табылады. Музей — тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени-тарихи құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей гректің «*museion*» сөзінен алынған, «муза сарайы» деген мағынаны береді. Бүгінгі таңда музейлер өткен дәуір құндылықтарын болашақ ұрпақ үшін сақтап қана қоймайды, заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады, ғылыми-ағартушылық және ғылыми-зерттеу ісімен айналысады. Сондай-ақ комплектациялау, экспозициялау, музей құндылықтарын насихаттауды жүзеге асырады. Музейлердің қалыптасуы ұлттық сана-сезімді оятуға, мәдени-саяси идеяларды (ой-сезімді) насихаттауға көмектеседі. Музей ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Осындай жағдайда музей мен қоғам арасындағы байланыстардың түрлерін және музей қызметінің бағыттарын жаңартудың және қоғам мен музейдің өзара байланыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында талдаудың жалпы ғылыми принциптері — историзм және жүйелілік принциптері қолданылды. Бұл принциптердің негізінде музейдің қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік институты ретінде трансформациялануы қарастырылды. Осымен бірге, аталған

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kz-erlan-kz@mail.ru

принциптер музей мен қоғам арасындағы байланыстардың қалыптасу үрдісін зерттеуге мүмкіндік берді. Музей мен қоғам арасындағы өзара қатынастардың өзгеріске ұшырауын анықтау барысында тарихи-мәдени талдау әдісі пайдаланылды. Музей қызметінің бағытын және оның өзгеру векторын қарастыру барысында кешенді мәдениеттану және музейтану тәсілдері басшылыққа алынды.

Талқылау

Алдымен, негізгі түсініктерге тоқталсақ: өзара байланыс — бұл екіжақты байланыстардың жүйесі болып саналады және мұндай байланыстардың нәтижесінде біржақты өзгерістер екінші жаққа да ықпал етеді. Музей мен қоғамның өзара байланысу мәселесі екі құбылыстың диалектикалық байланысу мәселесі ретінде беріледі және бұл мәселенің шешімі диалог жасау жолдарымен байланысты болып келеді. Музей — бұл адам мен оның заттанған мәдени мұрасы арасындағы қарым-қатынастары ұйымдастыруға бағытталған ерекше жүйе болып саналады. Қоғам — бұл адамның қызметімен байланысты өздігінен дамитын орта және музей жүйесін қоршайтын әлеуметтік-мәдени ортаның компоненті болып табылады. Музей — бұл индивид, қоғам және мемлекет үшін маңызды фактор болып саналады. Осы себептен, музейге мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп, әртүрлі заң актілері мен үкіметтің қаулылары мен бұйрықтары қабылданды, ұлттық музейлер, аймақтық (жергілікті, өлкелік) музейлердің желісі, мамандандырылған және ведомствалық музейлер құрылды, кәсіби музей бірлестіктері пайда болып, арнайы басылымдар жариялана бастады.

Қазіргі кезеңдегі музей қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінің тұрақты элементі ретінде үш әлеуметтік топтың (музей құндылықтарының иелері, музей мамандары және бұқара) өзара байланысу үрдісі барысында ұзақ уақытқа созылған институционализациялану кезеңінен өтті. Аталған топ, яғни музей құндылықтарының иелері, музей мамандары мен бұқара арасындағы байланыстардың ерекшелігі музей формасына ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, музейдің келесідей тарихи формаларын бөліп көрсетуге болады: біріншісі, жеке музей. Музейдің бұл түрі жеке бір тұлғаның, субъектінің бастамасы негізінде қалыптасады және өзінің ықпалын шектелген таныстар ортасында таратады; екіншісі, корпоративтік музей, бұл корпоративтік субъектінің (ғалымдар тобы, қоғамдық ұйымдар, оқу орындары, қалалық және жергілікті әкімшілік кәсіпорындар т.б.) бастамасы және қаржысы негізінде қызмет жасайды; үшіншісі, мемлекеттік/ұлттық музей, бұл музейге мемлекеттік басқару аппараты мен музей қызметкерлері жетекшілік етеді және жұрт алдында ашық деп заңдастырылып, жалпыхалықтық игілік деп жарияланады. Осы аталған институционализацияның формалары өздерінің ортақ белгілерімен біріктіріледі. Әрине, мемлекеттік музей түрі әмбебап және тұрақты болып келеді, сондықтан қоғаммен өзара байланысу барысында айтарлықтай мобильді болып келмейді. Себебі, музейде шоғырландырылған құндылықтардың иесі мемлекет саналады, мемлекет өзіне музейдің қызметін реттеу, есепке алу және қаржыландыру функциясын жүктеп, азаматтық қоғаммен байланыс орнату ісін музей мамандарына жүктейді [1; 11].

Мемлекеттік музей қызметінің институционалдық аспектісінде пайда болатын барлық проблемалық жағдайлар (құндылықтарды иеленуші шиеленістер, музей коллекцияларының қоғамдық қажеттілікке сәйкес келуі т.б.) музей мамандарының ынтасын жұмсартуға бағытталған. Бірақ, музей қызметкерлерінің өздері бәрінен бұрын қоғамның бір бөлігі және кәсіби қызметкер болып табылады, сол себептен музей ісін ұйымдастыру барысында мәселелер туындауы мүмкін. Сондықтан, қоғаммен тиімді байланыс орнату үшін музей «музей үш бұрышы» арқылы, яғни әкімшілік, музей мамандары және музей қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлестіру қажет. Өзімізге белгілі, жұрт — бұл музеймен тығыз байланыс орнататын қоғамның бір бөлігі. Соңғы жылдардағы әлеуметтік-мәдени өмірдегі түбегейлі өзгерістер, мәдениет пен оның институттарының даму үрдістері қоғамға тәуелді болып келеді. Осындай жағдайда жұрттың интеграциясы мен дифференциациясы, қажеттіліктері мен қызығушылықтары маңызды рөл атқарады. Осы себептен, жұрттың қызығушылықтарын зерттеу кез келген музей қызметінің атрибуты болуы тиіс.

Өзімізге белгілі, музей — тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді [2].

Қоғам мен мәдениетте болып жатқан түбегейлі өзгерістерді көрсету арқылы, мұражайлар қазіргі кезде айтарлықтай өзгерістерді бастарынан өткеруде. «Өзгеріске ұшырап жатқан әлемдегі

мұражайлар» қазіргі кездегі шындықтың көрінісі болып табылады. Шындығына келгенде мұражай қызметінің қазіргі таңда әлеуметтік-мәдени маңызы арта түсуде, мұражайлардың мәдени мұраларды сақтау әрі оларды көпшілікке түсіндірудегі, әлеуметтік бейімделу мен мәдени біртектілендірудің күрделі үрдісіндегі, білім алу, бос уақытты ұйымдастырудағы рөлі арта түсуде. Қазіргі заманғы мұражайлар білім, коммуникация, мәдени ақпараттар алумен қатар шығармашылық инновациялардың орталығына айналууда. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ахуалдар мұражайлардың өзіндік жол іздеулерін, жаңа білімдерге ұмытуларын, жаңа ойлар, рухани құндылықтарды пайдалануға итермелейді. Қоғамдық сананың қол жеткізген деңгейін есепке алатын институттан мұражай сол сапаны алға бастыратын мәдениет көрінісіне айналады. Соңғы кездерге дейін мұражай экспозицияларының сапасы мұражайға қойылған заттар мен коллекцияларында көрсетілген дәстүрлі ғылыми үлгілерге сәйкестігіне орай белгіленетін, ол қазір мұражайлар құндылықтарды жаңа тұрғыдан қарап, мұражайда қойылған заттарға ерекше көзқарас қалыптастырады, жасалып жатқан экспозициялар мен көрмелер, мәдени-білім беру жобалары ғылыми тұрғыдан зерттеу нәтижесін көрсетсе, сонымен қатар жеке тұлғалардың шығармашылық ізденулеріне жол ашады.

Жалпы әлемде музейлердің қалыптасуы мен дамуы сол халықтарға тән өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ — ежелден еркіндік аңсаған, сол ғасырлар бойына басына түскен сан алуан адам төзгісіз қиыншылықтарға мойымай, ата-баба жерін, асыл мұрасын ат үстінде найза ұшымен қасық қаны қалғанша қорғаған халық. Бойына сіңген бұл қасиеттердің құпиясы қашаннан қазақтың ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарап, салт-дәстүрін сақтап, өсіп келе жатқан ұрпақтарына тәлім-тәрбие және үлгі-өнеге көрсетуге ерекше көңіл бөлінуде. Әрине тәлім-тәрбие тек атадан қалған нақыл сөздермен, шебер әрі орынды айтылған ақыл-кеңеспен немесе жағымсыз қылықтарға тиым салып отырумен шектелмейтіні белгілі. Қазіргі таңда әлемдік музейлердің бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи музейлер-тарих ғылымдарының жүйесімен біріктірілген музейлер жатады: тарихи археологиялық, нумизматикалық, тарихи-революциялық, әскери-тарихи, тарихи-экономикалық, ағарту және білім тарихы, арнайы тарихи және т.б.; өнертану музейлері — өнер және өнертану тарихына жататын музейлер. Мысалы: бейнелеу өнері музейі, сурет галереялары, скульптура (мүсін) музейлері, қолданбалы өнер музейлері, колөнер, гравюра кабинеттері, театр, музыка, киноөнері музейлері және т.б.; жаратылыстану тарихи музейлері — жаратылыстану ғылымдарына жататын музейлер. Оларға: биологиялық, ботаникалық (өсімдіктану), жануартану, геология, минералогия, палеонтология, антропология (адамтану) және экологиялық музейлер жатады; техникалық музейлерге — техника ғылымдар және өндіріспен байланысты музейлер: политехникалық, техникалық, авиация, байланыс, тау-кен ісі, теміржол көлігі, жеке кәсіпорындар музейлері, техника ескерткіштері т.б.; әдебиеттану музейлеріне әдебиетке, жазушылардың өмірі мен қызметіне байланысты музейлер; мемориалды музейлер маңызды топты құрайды; кешенді музейлер — екі не одан да көп негізгі салаларды байланыстыратын музейлер: тарихи-өнертану, тарихи-сәулет, ауылшаруашылық музейлері (жаратылыстану ғылымы мен тарих салаларының бірігуі) және т.б. Кешенді музейлердің ішінде кең тараған өлкетану музейлері. Мұнда жекелеген өнер бөлімдері де кездеседі. Кеше де, бүгін де музейлерге ғылыми-зерттеу және тәрбиелік қызметтер тән. Бұл музей қызметінің іргелі саласы — экспозициялар мен көрмелерде айқын бой көрсетеді. Музейлер түрі мен саласына қарай іштей жіктеледі. Олардың типі — негізгі қоғамдық белгісіне қарай анықталады. Осы белгілерге сәйкес музейлердің салалары арнайы өндіріс, ғылым, өнер, салалары бойынша анықталады. Олардың ішкі жағдайлары музейлерде көрініс табады [3].

Әрине, музей белгілі бір әлеуметтік-мәдени қатынастарды ұйымдастыратын ерекше форма және күрделі өздігінен дамитын жүйе болып саналады. Музейде ішкіжүйелік және экстражүйелік функциялар жүзеге асырылады. Ішкіжүйелік функциялар музей организмнің өмірлік қызметін қамтамасыз ету үшін қажет. Мұндай функциялардың қатарынан жинақтау, инвентаризациялау, тіркеу, есепке алу, сақтау, зерттеу, жіктеу, көрмеге қою функцияларын атап көрсетуге болады. Музей мен қоғам арасындағы байланысты жүзеге асыру үшін музейдің келесідей функцияларын атап өтсек:

1) әлеуметтік-мәдени орта құбылыстарын толымдау. Бұл функция музейдің базисін, атап айтқанда қорларын құрады және қоғаммен байланыс жасауға айтарлықтай ашық болып келеді. Бұл функцияның мәні — уақыт талабына сай құнды әрі маңызды мәдени құндылықтарды жинақтап, оларды сақтау мақсатында қоғам өкілдерімен байланыс орнату болып саналады;

2) шындықты моделдеу функциясы арқылы музей белгілі бір ескерткіш туралы қосымша ақпаратты анықтап, қоғамға сол ескерткіштің маңыздылығы мен мәнін жеткізеді. Бұл функцияның

негізінде сақталған, зерттелген және реставрацияланған ескерткіш белгілі бір концепцияның (ғылыми, шығармашылық) және белгілі бір принцип (идея, тақырыбы, жіктеу т.б.) негізінде іріктеп алынып, жұртқа жаңа контекстінде ұсынылады;

3) музейдің шындықты коммуникативті түрде түсіндіру функциясы қалыптасқан экспозицияларының және жүзеге асырылмаған үлгілердің (музейлік коллекциялар мен қорлар) негізінде іске асырылады. Мәдени мәнді трансляциялау белгілі бір жағдайларға (жалпы мәдени жағдай және нақты байланыс жағдайы) байланысты өзгеріп отыратын музейлік мәтіндерді түсіндіру арқылы жүреді [1; 11].

Осы аталған үш негізгі функцияға сүйене отырып, музей қоғаммен байланыс орнату барысында өзінің метажүйелік функциясын жүзеге асырады. Әрине, музейдің негізгі метажүйелі функциясы және музейдің қоғамдағы миссиясы — музей коллекциялары түріндегі мәдени және табиғи мұраны трансляциялау болып саналады.

Атап өтсек, теориялық музейтануда музейлік коммуникация деген ұғым бар. Коммуникация (лат. communico) — байланыстырамын, қарым-қатынас жасаймын, жалпы етемін деген ұғымды береді. Алғаш рет 1968 жылы ұғымды ғылыми айналымға енгізген канада музеологы Дункан Ф. Камерон болды. Оның теориясы бойынша, музейлік коммуникация — бір жағынан музей экспозициясының түсінікті, шебер ұйымдастырылуы болса, екінші жағынан көрерменнің «заттар тілін» түсінуі, бір сөзбен айтқанда көрерменнің музей жәдігерлерімен қатынасы. Осыған орай, Д.Ф. Камерон музей мен аудитория арасындағы қарым-қатынаста музей ісінің ұйымдастырылуына байланысты бірқатар ұсыныстар енгізді. Біріншіден, музей экспозициясын құруда экспозиционерлермен бірге суретшілер (дизайнерлер) қатысуы керек. Екіншіден, экскурсовод көрерменді «заттың тілін» білуге үйретуі қажет. Үшіншіден, музейлік коммуникацияны тиімді дамыту үшін музейге психолог, социолог мамандар тартылуға тиісті. Музей ісін дамытуға бағытталған Д.Ф. Камеронның еңбектері ғылыми ортада мойындалғанымен, бірқатар ғалымдар тарапынан сынға да ұшырады. Дегенмен, музейтану ғылымының дамуына әсер еткен теория болды. Қазіргі кезеңде музейлік коммуникацияның теориялық негізін жасаушылардың бірі неміс ғалымы Ю. Ромедер болып табылады. Оның тұжырымдамасы бойынша, музей заты ерекше құндылыққа ие болмау қажет, өйткені ол «қоғамдық-тарихи үдерістің бір белгісі ғана». Сондықтан музей экспозициясы тарихи-мәдени құбылыстар мен үрдістерді белгілік компоненттер болып табылатын жәдігерлер арқылы көрсетіп, белгілік (символ) жүйеге айналуы қажет [4; 9].

Осымен бірге, музейдің коммуникативті жүйесінде ішкімузейлік және сыртқымузейлік ішкіжүйелерді бөліп көрсетуге болады. Бұл жөнінде, зерттеуші Е.Г. Саркисова музейлік коммуникацияның құрылымындағы конвенционалдық және конвенционалдық емес типологиясының өзіндік екі арнасын: арналарын келесідей етіп бөліп көрсетеді: «Қоғам → Музей → Қоғам»; «Музей → Қоғам → Музей». Яғни, музей — бұл адамдардың өзара байланысының әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігі болып табылады [5; 19].

Ғылыми әдебиеттерде қарастырылған концептуалдық көзқарастардың негізінде музейдің келесідей функцияларын бөліп көрсетуге болады:

- 1) музейлік маңызы бар ескерткіштерді анықтау және жинақтау;
- 2) музейлік маңызға ие ескерткіштерді сақтау, ғылыми тұрғыдан зерттеу және түсіндіру;
- 3) мәдениетті жаңғырту;
- 4) білім-тәрбие функциясы;
- 5) ақпараттық-коммуникативті функция;
- 6) бос уақыт қызметін ұйымдастыру функциясы;
- 7) ресурстық функция.

Сонымен қатар, бүгінгі музейтану ғылымында қоғам өміріндегі және мәдени салада музей ісінің ерекшеліктері мен рөлін анықтайтын тарихи қалыптасқан екі әлеуметтік функция қолданыста екендігіне назар бөлу қажет. Олар:

– құжаттау функциясы (дәлелдеу, растау) қоғам және табиғат өмірінде болған оқиғалар мен құбылыстар, тарихи үрдістер мен заңдылықтарды музей жинағындағы музейлік заттар арқылы мақсатты түрде көрсету. Құжаттау функциясы музей қызметінің ғылыми қор жинақтау, ғылыми-қор жұмысында және экспозиция құру барысында қолданылады;

– білім беру және тәрбиелік функция музей заттарының ақпараттық және экспрессивтік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қоғамның танымдық және мәдени сұранысын қанағаттандыру мәселесін қарастырады. Негізінен музей экспозицияларының құрылуында ерекше маңызға ие бұл

функция, ғылыми-ағартушылық үгіт-насихат және жарнамалық жұмыстарда да пайдаланылады. Бірқатар елдердің музейтанушылары жоғарыда көрсетілген екі функцияны музей қызметінде қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын маңызды функциялар деп атап көрсетсе, екінші бір зерттеушілер бүгінгі күні И.В. Иксанова, В.В. Селиванов, З. Странский сынды музейтанушы ғалымдар музейлердің ғылыми-зерттеу, эстетикалық, гносеология-аксиологиялық, тәрбиелік, қор жабдықтау және көрнекілік, сақтау мен коммуникация функцияларын атап көрсетеді [6]. Ғалымдар аталған функциялардың адамның мәдени құндылықтарын қанағаттандыруда, шығармашылық белсенділігінің артуында, қоршаған ортаны жан-жақты тануында маңыздылығын айта келіп, аталған функциялардың музей қызметінде кеңінен қолданылатындығына тоқталады. Музейлердің әлеуметтік функциялары музейді тек қана музей емес, музей — ғылыми-зерттеу институты, музей — мектеп, музей — клуб, музей — мәдени-ошақ деген сияқты қоғамға қажетті маңызды қырларын ашу мақсатында қолданылып отыр.

Қазіргі уақытта музейдің мәдени-тарихи құбылыс және қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріндегі ерекше жүйе ретінде пайда болуының хронологиялық шеңберін анықтаудың да маңызы бар. Жалпы алғанда музей аясында мәдени форманың қалыптасу үрдісінің хронологиясын келесідей бөліп көрсетуге болады: әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруі — жаңа мәдени қажеттіліктің пайда болуы — бұл қажеттілікті қоғамның ұғынуы және әлеуметтік экспектация жүйесінің қалыптасуы — өз қажеттілігін қанағаттандырудың тиімді формасын іздеу арқылы қажеттіліктің өзектілігі — мәдени форманың пайда болуы, адаптациясы және дамуы.

Атап өту қажет, музейдің мәдениет формасы ретінде өзгеруі тек қана тігінен емес, көлденеңінен де жүзеге асырылады. Мұның дәлелі ретінде белгілі бір тарихи кезеңде музейлердің әртүрлі типтерінің қалыптасуын келтіруге болады. Мысалы, XVI–XVII ғғ. Еуропада «гардароба», «анатомиялық театр», «кабинет», «галерея» сияқты музейдің формалары қалыптасқан. Бұлардың қатарында қазіргі уақытта «галерея» институционалдық мәртебеге ие, ал қалғандары әлеуметтік-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өздерінің мәртебесін жоғалтқан.

Музейдің мәдени форма ретінде белсенді даму кезеңі XVIII–XIX ғғ. орын алған. Яғни, XVII–XVIII ғғ. музейдегі жинақталған құндылықтар және олардың біліми қуаты XIX ғ. сұранысқа ие бола бастады. XX ғ. басына қарай музей мәдениеттің формасы ретінде мәдени норма деңгейіне жетеді. Жаһандану және виртуализациямен байланысты XX ғ. екінші жартысы — XXI ғ. басындағы әлеуметтік үрдістер және ұлттық тарих, материалдық және рухани мәдениеттің маңыздылығы мен өзектілігі музейдің қоғамның мәдени формасы ретіндегі рөлін кеңейтті және нығайтты [7; 130].

Қорытынды

Музей өзінің негізгі функцияларын жүзеге асыру арқылы қоғаммен байланыс орнатудың салаларын қалыптастырады және бұл салалардың әрқайсысының өзіндік бағыты мен ерекшеліктері бар. Әрбір салада музей мен қоғам арасындағы байланыс ерекше сипатқа ие және осындай ерекшеліктің арқасында олардың өзара байланысының тәсілдері мен түрлері өңделеді. Сондықтан, музей мен әлеуметтік мәдени орта арасындағы байланысты үйлесімді ету үшін музей мен қоғамның өзара байланысының барлық салаларына теңдей назар бөлу қажет.

Өзімізге белгілі, қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуы жаңа технологияларды қолдануға және интерактивті кеңістікте өмір сүруге бейімделген адамдарды қалыптастыруда. Сондықтан, музей үшін сенсорлық дисплейі, мультимедиялық бағдарламалары және электронды экскурсия жетекшісі, виртуалды панорамасы, пікір білдіретін электронды кітапшалары бар интерактивті экспозицияларды құру қажет. Мұндай қадамдардың өзі қазіргі кезеңдегі музей мен қоғам арасындағы байланысты барынша дамытады және нығайтады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Зиновьева Ю.Г. Взаимодействие музея и общества как социокультурная проблема / Ю.Г. Зиновьева. — Санкт-Петербург, 2000. — 19 с.
- 2 Лебедев А. Музей имеет преимущество перед другими формами образования / А. Лебедев. — Москва, 1999. — 70 с.
- 3 Қазақстандағы музей ісінің даму үрдісі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1791-kazakstanda-y-muzej-isini-damu-rdisi>
- 4 Ромедер Ю. Методы и средства музейной работы: педагогика обслуживания отдельного посетителя в музее / Ю. Ромедер // Музееведение и охрана памятников: науч.-реф. сб. — М., 1980. — С. 8–11.

5 Саркисова Е.Г. Музей в социокультурном пространстве современного общества: функциональная трансформация. Автореф. дисс. ... канд. культурол. / Е.Г. Саркисова. — Краснодар, 2022. — 25 с.

6 Селиванов В.В. Предмет и структура музейной социологии: опыт решения проблемы / В.В. Селиванов. — М., 1988. — 225 с.

7 Полякова Е.А. Развитие музея как образовательной формы культуры / Е.А. Полякова // Вестник Томского государственного университета. История. — 2014. — № 6 (32). — С. 129-136.

Н.И. Маханов, А.С. Адильбаева, К.Б. Болатова

Взаимоотношения музея и общества: исторический аспект

В эпоху глобализации изменилось отношение общества к культурному наследию, которое воспринимается как национальное достояние, гарантия устойчивого социально-экономического развития. Музеи являются главными хранителями национального достояния, социальной памяти. В связи с этим, авторы статьи раскрывают проблемы взаимодействия музея и общества в историческом аспекте, рассматривают функции музея как фундамент взаимодействия музея и общества, основные сферы и основные пути взаимодействия и конкретные шаги, предпринимаемые современными музеями и обществом с целью повышения эффективности обоюдных контактов. Кроме того, охарактеризована роль общественных потребностей в процессе генезиса музея и уточнены хронологические рамки появления музея как культурно-исторического явления и как особой системы в социально-культурной жизни общества.

Ключевые слова: история, музей, культурное наследие, национальное достояние, функции музея, культурно-историческое явление, культура.

N.I. Makhanov, A.S. Adilbayeva, K.B. Bolatova

Relationships between museum and society: historical aspect

In the era of globalization, society attitude to cultural heritage has changed, which is perceived as a national treasure, a guarantee of sustainable socio-economic development. Museums are the main custodians of national treasure, social memory. In this regard, the authors reveal the problems of interaction between museum and society in the historical aspect. In the article the functions of the museum as the foundation of interaction between the museum and society, the main areas and main ways of interaction and specific steps taken by modern museums and society in order to increase the effectiveness of mutual contacts were examined. The role of public needs in the process of the genesis of the museum is characterized and the chronological framework of the emergence of the museum as a cultural and historical phenomenon and as a special system in the socio-cultural life of society is clarified.

Keywords: history, museum, cultural heritage, national treasure, functions of the museum, cultural and historical phenomenon, culture.

References

1 Zinoveva, Yu.G. (2000). Vzaimodeistvie muzeia i obshchestva kak sotsiokulturnaia problema [Interaction of the museum and society as a socio-cultural problem]. Sankt-Peterburg [in Russian].

2 Lebedev, A. (1999). Muzei imeet preimushchestvo pered drugimi formami obrazovaniia [The museum has an advantage over other forms of education]. Moscow [in Russian].

3 Qazaqstandagy muzei isinin damu urdisi [The development trend of museum work in Kazakhstan]. Retrieved from <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1791-kazakstanda-y-muzej-isini-damu-rdisi> [in Kazakh].

4 Romeder, Yu. (1980). Metody i sredstva muzeinoi raboty: pedagogika obsluzhivaniia otdelnogo posetitelii v muzee [Methods and means of museum work: pedagogy of serving an individual visitor in a museum]. *Muzevedenie i okhrana pamiatnikov: nauchno-referativnyi sbornik — Museology and protection of monuments: scientific and abstract collection* (pp. 8-11). Moscow [in Russian].

5 Sarkisova, E.G. (2022). Muzei v sotsiokulturnom prostranstve sovremennogo obshchestva: funktsionalnaia transformatsiia [Museum in the socio-cultural space of modern society: functional transformation]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Krasnodar [in Russian].

6 Selivanov, V.V. (1988). Predmet i struktura muzeinoi sotsiologii: opyt resheniia problemy [Subject and structure of museum sociology: experience of solving the problem]. Moscow [in Russian].

7 Poliakova, E.A. (2014). Razvitie muzeia kak obrazoatelnoi formy kultury [Development of the museum as an educational form of culture]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriiā — Bulletin of Tomsk State University. History*, 6 (32), 129-136 [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет

Маханов Нуржан — PhD доктарант, Alikhan Bokeikhan University, Семей Қазақстан;
<https://orcid.org/0009-0007-5367-2002>

Адилбаева Айгуль — т.ғ.д., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;
<https://orcid.org/0000-0003-2730-2167>

Болатова Қаламқас — т.ғ.к., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;
<https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>

Information about the authors

Makhanov Nurzhan — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan;

Adilbayeva Aigul — Doctor of historical sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan;

Bolatova Kalamkas — Candidate of historical sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.